

"Инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 30 маусымдағы N 651 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

Инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы

Осы Заң Қазақстан Республикасындағы инновациялық қызметті ынталандырудың құқықтық, экономикалық және ұйымдық негіздерін реттейді әрі оны мемлекеттік қолдау шараларын айқындайды.

1-тарау. Жалпы ережелер

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

- 1) инновация - зияткерлік меншіктің объектісі болып табылатын, енгізілуі өндірістің әртүрлі салаларына және қоғамды басқаруға экономикалық тиімді және/немесе әлеуметтік, экологиялық маңызды болып табылатын ғылыми және ғылыми-техникалық қызметтің нәтижесі;
- 2) инновациялық қызмет - инновацияларды өндірістің әртүрлі салаларына енгізу және қоғамды басқару оларды инновацияларды пайдалану;
- 3) инновациялық инфрақұрылым - Қазақстан Республикасының инновациялық қызметінің мамандандырылған субъектілерінің жиынтығы;
- 4) инновациялық грант - тәжірибе-конструкторлық әзірлемелерді орындау инновациялық жобаның техникалық-экономикалық негіздемесін дайындау, өнеркәсіп меншік объектілерін шетел мемлекеттерінде және/немесе халықаралық патенттік ұғымдарды патенттеу үшін грант беруші мен грант алушы арасындағы шартта көзделген шарттарды өтеусіз ұсынылатын ақшаның мақсатты сомасы;

5) инновациялық жоба - инвестицияларды көздейтін және шектелген уақыт мерзімі ішінде іске асырылатын және аяқталған сипаты бар инновацияларды енгізуге бағытталған көздейтін іс-шаралар кешені;

6) инновациялық қор - инновациялық жобаларды және инфрақұрылымдарды қаржыландыру, сондай-ақ өзге қызметтерді көрсету жолымен инновациялық қызметтің дамуына жәрдемдесетін заңды тұлға;

7) инновациялық қызметтің субъектісі - инновациялық қызметті жүзеге асыратын заңды және жеке тұлғалар;

8) инновациялық қызметтің мамандандырылған субъектісі технологиялық бизнес инкубатор, технологиялық парк, инновациялық қор;

9) технологиялық бизнес-инкубатор - заңды және жеке тұлғаларға инновацияларды құру күзет құжаттарын алуға және инновациялық жобаларды дайындауға арналған өтінімдерді ресімдеу үшін құқықтық, ұйымдық, ақпараттық және өзге де қызметтерді ұсыну жөніндегі қызметті жүзеге асыратын үшін құрылатын заңды тұлға немесе технопарктің құрылымдық бөлімшесі;

10) технологиялық парк (технопарк) - заңды тұлға немесе негізгі қызметі инновациялық жобаны іске асыру үшін қажетті қызметтерді көрсету болып табылатын біртұтас материалдық-техникалық кешен меншігіне ие консорциум;

11) технологиялар трансферті - Қазақстан Республикасында немесе шет елдерде инновациялық қызмет субъектілеріне құқық иеленушіден патент алған инновацияларды пайдалануға құқықты беру процесі;

12) уәкілетті орган - берілген өкілеттіктер шегінде инновациялық қызмет саласындағы басшылық пен үйлестіруді жүзеге асыратын мемлекеттік орган.

2-бап. Қазақстан Республикасының инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы заңнамасы

1. Қазақстан Республикасының инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарда осы Заңда барынан өзге ережелер белгіленген болса, онда халықаралық шарттардың ережелері қолданылады.

3-бап. Инновациялық қызметті мемлекеттік қолдаудың мақсаты мен қағидаттары

Инновациялық қызметті мемлекеттік қолдаудың мақсаты инновациялық қызметті дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасау болып табылады.

Инновациялық қызметті мемлекеттік қолдаудың негізгі міндеттері:

- 1) инновациялық қызметті жүзеге асыру кезінде ұлттық мүдделерді сақтау;
- 2) ұлттық экономиканың бәсеке қабілетін арттыру және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін инновациялық қызметтің басымдығы;

3) инновациялық қызмет субъектілерінің мемлекеттік қолдауды алу кезіндегі теңдігі ;

4) инновациялық қызмет субъектілерін мемлекеттік қолдаудың экономикалық тиімділігі және нәтижелілігі;

5) ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет субъектілерінің және кәсіпкерлік субъектілерінің инновациялық қызметті ұйымдастыру мақсатында тұрақты өзара іс-әрекетті қамтамасыз ететін мемлекеттік қолдаудың кешенділігі;

6) инновациялық қызмет үшін жоғары білікті кадрларды даярлау болып табылады.

4-бап. Инновациялық қызметті мемлекеттік қолдаудың бағыттары

Инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мынадай негізгі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

1) қажетті ұйымдық және экономикалық, оның ішінде мемлекеттік инновациялық саясатты іске асыру үшін инвестициялар тартуды қамтамасыз ететін жағдайлар жасау жолымен инновациялық қызметті ынталандыру;

2) инновациялық дамытудың басымдықтарын айқындау;

3) инновациялық инфрақұрылымды қалыптастыру және дамыту;

4) мемлекеттің инновацияны құруға және енгізуге қатысу;

5) отандық инновацияларды сыртқы рыноктарға жылжыту;

6) технологиялар трансфертін қоса алғанда инновациялық қызмет саласындағы халықаралық ынтымақтастық.

5-бап. Инновациялық қызметті мемлекеттік қолдаудың нысандары

Инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мынадай негізгі нысандарда жүзеге асырылады:

1) инновациялық қызметтің мамандандырылған субъектілерін жасауға қатысу;

2) мемлекеттік даму институттарын құру қызметін үйлестіру және жұмыс істеп тұрған мемлекеттік даму институттарын одан әрі дамыту;

3) инновациялық жобаларды мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен іске асыру;

4) Қазақстан Республикасының бюджеттік заңнамасында және осы Заңда айқындалған шарттарда инновациялық гранттар беру;

5) инновациялық қызметті кадрлық қамтамасыз етуді, оның ішінде инновациялық менеджмент негіздеріне оқыту жолымен ұйымдастыру;

6) инновациялық қызмет саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру үшін инвестицияларды тартуды қамтамасыз ететін қажетті ұйымдық, құқықтық және экономикалық жағдайлар жасау.

6-бап. Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының инновациялық қызмет саласындағы құзыреті

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

- 1) инновациялық қызмет саласында мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлейді;
- 2) Қазақстан Республикасындағы инновациялық қызметтің басым бағыттарын анықтайды;
- 3) инновациялық қызметті дамытуға бағытталған мемлекеттік бағдарламаларды әзірлеуді ұйымдастырады;
- 4) инновациялық қызметті дамытуға бағытталған салалық (секторальдық) бағдарламаларды бекітеді;
- 5) инновациялық қызметтің мамандандырылған субъектілерін аккредиттеу ережесін бекітеді;
- 6) мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен инновациялық гранттар беру және өнеркәсіптік меншікке объектілердің енуі жөнінде қабылданған шаралар туралы есеп беру ережесін бекітеді;
- 7) мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптаманы жүргізу ережесін және бюджет қаражаты есебінен инновациялық гранттар алуға өтінімдерге экономикалық сараптаманы бекітеді;
- 8) инновациялық қызметтің мамандандырылған субъектілерін құру үшін жағдайларды қамтамасыз етеді.

2. Уәкілетті орган:

- 1) инновациялық қызмет саласындағы мемлекеттік саясаттың қалыптасуын қамтамасыз етеді және оны жүзеге асырады;
- 2) Қазақстан Республикасының Үкіметіне Қазақстан Республикасындағы инновациялық қызметтің басым бағыттары бойынша ұсыныстар енгізеді;
- 3) инновациялық қызметті дамытуға бағытталған мемлекеттік, салалық (секторальдық) бағдарламаларды әзірлейді;
- 4) мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен инновациялық гранттар беру және өнеркәсіптік меншікке объектілердің енуі жөнінде қабылданған шаралар туралы есептілік беру ережесін, инновациялық қызметтің мамандандырылған субъектілерін аккредиттеу ережесін, бюджет қаражаты есебінен гранттар алуға өтінімдерге мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама және экономикалық және сараптама жүргізу ережесін әзірлейді;
- 5) мемлекеттік органдардың инновациялық қызметті дамыту жөніндегі қызметін үйлестіруді жүзеге асырады;
- 6) Қазақстан Республикасының Үкіметіне инновациялық қызметтің мамандандырылған субъектілерін құру жөнінде ұсыныстар енгізеді;
- 7) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес инновациялық қызметті ынталандыру жөніндегі нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлейді.

3. Өзге де орталық атқарушы органдар:

1) өз құзыреті шегінде инновациялық қызмет саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз етеді;

2) өз құзыреті шегінде инновациялық қызметті дамытуға бағытталған салалық (секторальдық) бағдарламаларды іске асырады.

4. Жергілікті атқарушы органдар:

1) өз құзыреті шегінде инновациялық қызметті дамытуға бағытталған өңірлік бағдарламаларды әзірлейді, бекітеді және іске асырады әрі оларды құқықтық, ұйымдық және өзге де қолдауды қамтамасыз етеді;

2) инновацияларды құруға және енгізуге қатысады;

3) инновациялық қызметтің мамандандырылған субъектілерін құруға қатысады.

2-тарау. Инновациялық инфрақұрылым

7-бап. Инновациялық қызметтің мамандандырылған субъектілері

1. Мемлекет инновациялық қызметтің мамандандырылған субъектілерін құруға қ а т ы с а д ы .

2. Кез келген заңды және жеке тұлға, оның ішінде шетелдіктер инновациялық қызметтің мамандандырылған субъектілерінің құрылтайшылары бола алады.

Инновациялық қызметтің мамандандырылған субъектілерінің жарғылық капиталына жергілікті атқарушы органдар, сондай-ақ инновациялық қызметке жәрдемдесу мақсатында мемлекеттің қатысуымен құрылған заңды тұлғалар қатыса а л а д ы .

3. Технологиялық бизнес-инкубаторлар қызметтің мынадай түрлерін жүзеге а с ы р а д ы :

1) шарттар жағдайында инновациялар құруға қажетті материалдық-техникалық база ұ с ы н у ;

2) шарттар жағдайында зияткерлік меншік объектілеріне күзет құжаттарын алуға арналған өтінімдерді ресімдеуге қажетті қызметтерді ұсыну;

3) шарттар жағдайында, инновациялық жобаның техникалық-экономикалық негіздемесін және инновациялық жобаны қаржыландыруға арналған құжаттарды әзірлеуге жәрдем көрсетуді қоса алғанда инновациялық жобаны дайындау үшін қажетті қ ы з м е т т е р д і ұ с ы н у ;

4) инновациялық жобаларды іске асыру үшін инвестициялар тартуға жәрдем к ө р с е т у ;

5) инновациялық қызметті жүзеге асыратын шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін ұйымдастыруға жәрдем көрсету.

Технологиялық бизнес-инкубаторлардың қарамағында инновациялық қызмет субъектілеріне қызметтер көрсету үшін біліктілігі бар қызметшілер, инновациялар құру

үшін жеткілікті кеңселік және өндірістік үй-жайлар болады.

4. Технопарк қызметтің мынадай түрлерін жүзеге асырады:

1) жаңа технологиялық процестерді, тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сертификаттау және стандарттау мен тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) жаппай өндіруді бастау мақсатында тәжірибелік-конструкторлық әзірлемелер, сынақтар жүргізу кезеңін қоса алғанда инновациялық жобалауды іске асыру үшін қатысты зертхана жабдықтарына, коммуникацияларға, басқа да объектілерге ену;

2) заңды және жеке тұлғаларға және шарттар жағдайында инновациялық жобаны іске асыру үшін құқықтық, ұйымдық, ақпараттық қызметтер ұсыну;

3) инновациялық менеджмент негіздерін оқыту;

4) технопарк аумағында орналасқан, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне консультациялық қызметтер көрсететін ұйымдарды тарту үшін жағдайлар жасау;

5) өзінің негізгі қызметі шеңберінде кәсіпкерлік субъектілерінің отандық және шетелдік ғылыми және технологиялық ақпараттарын тарату.

Технопарктер, инновациялық қызмет субъектілеріне жәрдем көрсетуге қажетті жылжымайтын меншік құқығындағы немесе тұрақты немесе ұзақ мерзімді уақытқа жер пайдалану құқығындағы объектілерді қоса алғанда, материалдық-техникалық базаға иелік етеді.

Технопарктерде сараптамалық кеңестер құрылуы мүмкін.

Сараптамалық кеңес:

1) инновацияларды әзірлеушілерден, кәсіпкерлерден түсетін өтінімдер мен жобалардың алдын ала талдауын жүзеге асырады;

2) жобаның жаңашылығы мен техникалық орындаушылығын бағалайды, құрылатын инновацияның нарықтық тартымдылығын, оның қаржылық және экономикалық орындаушылығын бағалайды.

Инновациялық қорлар заңды тұлға нысанында құрылады және қызметтің мынадай түрлерін жүзеге асырады:

1) инновацияларды қаржыландыру, құру және енгізу;

2) шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің инновациялық қызметті іске асырулары үшін қаржы қаражатын іздеу және тарту;

3) инновациялық қызмет субъектілеріне маркетингтік, консультативтік және басқарушылық қызметтер көрсету;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген қызметтің өзге де түрлері инновациялық қорлар жылдық қаржылық есептіліктің аудитін жүргізуге міндетті.

3-тарау. Ұлттық инновациялық қор

8-бап. Ұлттық инновациялық қордың құқықтық мәртебесі, мақсаттары мен міндеттері

1. Жалғыз құрылтайшысы Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылатын ұлттық инновациялық қор акционерлік қоғам нысанындағы коммерциялық ұйым болып т а б ы л а д ы .

2. Ұлттық инновациялық қор қызметінің мақсаты елдегі жалпы инновациялық белсенділікті көтеру оның ішінде жоғары технологиялық және ғылымды қажетсінетін өндірістерді дамытуға жәрдемдесу болып табылады.

3. Ұлттық инновациялық қордың міндеттері:

1) отандық және шетелдік инвесторлармен бірлесіп, оның ішінде құрылатын қорлардың жарғылық капиталына бақылаусыз қатысу (49 пайыздан артық емес) жолымен инновацияларды құруды және енгізуді қаржыландыруды жүзеге асыратын инновациялық қорлар мен инвестициялық қорлар құру;

2) инвестициялайтын компаниялардың жарғылық капиталына және/немесе қаржылық лизингіне үлестік бақылаусыз қатысу (49 пайыздан артық емес) жолымен инновацияларды құру мен ендіруді қаржыландыру;

3) инновациялық қызметтің мамандандырылған субъектілерін құруға қатысу;

4) сыртқы рыноктарға отандық инновацияларды жылжыту;

5) инновациялық технологияларды көшіру, қарауға беру және дамыту, оларды коммерциялау мен ендіру саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамыту.

9-бап. Ұлттық инновациялық қордың өкілеттігі

Ұ л т т ы қ и н н о в а ц и я л ы қ қ о р :

1) Ұлттық инновациялық қордың инвестициялық саясаты туралы меморандумына сәйкес инвестициялық саясатты жүзеге асыруға;

2) ғылыми-техникалық, экономикалық сараптамалардың және патенттік талдаудың нәтижелері бойынша инновациялық жобаларды инвестициялаудың орындылығын а й қ ы н д а у ғ а ;

3) өз міндеттерін іске асыру үшін шарттық негізде сарапшыларды және консультанттарды т а р т у ғ а ;

4) ішкі рынокта Ұлттық инновациялық қордың Инвестициялық саясаты туралы меморандумды айқындалған шектерде және тәртіпте өтімділігі жоғары қаржы құралдарының еркін қаражатын орналастыруға;

5) Инвестициялық саясат туралы меморандуммен белгіленген шектеулерді ескере отырып, инновациялық жобаларды іріктеуді және оларды инвестициялауды жүзеге а с ы р у ғ а ;

6) инновациялық қызметтің мамандандырылған субъектілерін құруға қатысуға;

7) өз қаражатынан жаңа технологиялар, тауарлар, жұмыстар, қызметтер құруға бағытталған, коммерциялық әсер мен экономиканы технологиялық дамыту тұрғысынан әлеуетті перспективалы болып табылатын қолданбалы ғылыми зерттеулерге және

тәжірибелік-конструкторлық әзірлемелерге арналған гранттар беруге;

8) шетелдік инновациялық немесе инвестициялық қорларға инвестицияларды жүзеге асыруға құқылы.

10-бап. Ұлттық инновациялық қор инвестицияларының көздері

1. Инвестицияларды жүзеге асыру үшін мынадай көздер пайдаланылуы мүмкін:

- 1) Ұлттық инновациялық қордың жарғылық капиталы;
- 2) халықаралық қаржы ұйымдары, шетел мемлекеттері және қаржы институттары б е р е т і н г р а н т т а р ;
- 3) Ұлттық инновациялық қордың кірістері.

2. Ұлттық инновациялық қордың кірістерін алудың негізгі нысаны Ұлттық инновациялық қор қаржыландыратын жобалардан шығуы кезіндегі, инновациялық қор инвестицияларының бастапқы құны мен шығу кезіндегі сату құнының арасындағы айырманы білдіретін кірістер болып табылады.

3. Басқа кірістер инновациялық қордың еркін ақша қаражатын уақытша басқарудан кірістерді, дивиденд нысанындағы кірістерді, консультациялық қызметтерді беруден кірістерді, ғылыми-зерттеулер мен тәжірибелік-конструкторлық жұмыстардың нәтижелеріне мүліктік құқықтарды іске асырудан кірістерді білдіреді.

11-бап. Ұлттық инновациялық қордың Инвестициялық саясаты туралы меморандум

1. Ұлттық инновациялық қордың Инвестициялық саясаты туралы меморандум Ұлттық инновациялық қордың инвестициялық қызметіндегі негізгі құжат болып т а б ы л а д ы .

2. Инвестициялық саясат туралы меморандум Ұлттық инновациялық қордың инвестициялық саясатының негізгі басымдықтарын айқындайды, инвестициялық қызметті, мониторингті және қаржыландырылатын жобаларды іске асыруды, инвестицияланатын компаниялардың қаржылық жағдайын талдауды, Ұлттық инновациялық қордың инвестицияланатын компаниялардан шығуы туралы шешім қабылдауды жүзеге асыру жөніндегі рәсімдерден тұрады, Ұлттық инновациялық қордың инвестициялық қызметінің сапалық және сандық өлшемдерін және шектеулерді б е л г і л е й д і .

3. Ұлттық инновациялық қордың Инвестициялық саясаты туралы меморандумын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

12-бап. Ұлттық инновациялық қордың инвестициялық қызметін шектеу

1. Ұлттық инновациялық қордың:

- 1) акциялардан басқа, бағалы қағаздардың өзге де түрлерін шығаруға;
- 2) қ а р ы з д а р б е р у г е ;
- 3) үшінші тұлғалардың міндеттемелері бойынша кепілдіктер мен кепіл болуды

б е р у г е ;

4) қабылдау, сондай-ақ оларды жүзеге асыру мақсаты Қазақстан Республикасының заңнамасына, жарғыға және ұлттық инновациялық қордың инвестициялық саясаты туралы меморандумына қайшы келетін міндеттерді, шарттарды және тәртіпті өзіне қабылдауға құқығы жоқ.

2. Ұлттық инновациялық қор алкогольдік өндіріске, темекі өнімдеріне, ойын бизнесіне инвестицияларды жүзеге асырмайды.

13-бап. Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының Ұлттық инновациялық қормен өзара іс-әрекеті

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі Ұлттық инновациялық қордың жалғыз акционері болып табылады, Инновациялық қорды басқаруға қатысады.

2. Уәкілетті орган:

1) Ұлттық инновациялық қор акцияларының мемлекеттік пакетін басқару функцияларын жүзеге асырады;

2) Ұлттық инновациялық қордың құрамын, нысандарын және есептілікті берудің кезеңділігін бекітеді;

3) Ұлттық инновациялық қор қызметінің Қазақстан Республикасы заңнамасының және Ұлттық инновациялық қордың Инвестициялық саясаты туралы меморандумның талаптарына сәйкестігін бақылауды жүзеге асырады.

3. Мемлекеттік органдардың және олардың лауазымдық тұлғаларының Қазақстан Республикасы Үкіметінің заңнамасымен көзделген жағдайларды қоспағанда, Ұлттық инновациялық қордың қызметіне араласуына тыйым салынады.

14-бап. Ұлттық инновациялық қордың жауапкершілігі

Ұлттық инновациялық қор Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіздерде және тәртіпте өз міндеттемелерін орындамауға не тиісті түрде емес орындауға жауапты болады.

4-тарау. Мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен инновациялық жобаларды іске асыру.

Инновациялық гранттар

15-бап. Инновациялық жобаларды мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен іске асыру

Инновациялық жобаларды мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен іске асыру Қазақстан Республикасының бюджеттік заңнамасында айқындалған тәртіпте жүзеге асырылады.

16-бап. Инновациялық гранттар беру

1. Инновациялық гранттар Қазақстан Республикасының бюджеттік заңнамасына сәйкес мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен беріледі.

2. Республикалық бюджет қаражаты есебінен гранттар берген кезде қаржылық агентті Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

3. Инновациялық грант мынадай мақсаттарға беріледі:

- 1) тәжірибелі-конструкторлық әзірлемелерді орындау;
- 2) инновациялық жобаның техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеу;
- 3) шет елдердегі және/немесе халықаралық патент ұйымдарындағы өнеркәсіп меншігінің объектісін патенттеу.

17-бап. Тәжірибелік-конструкторлық әзірлемелерге грант

1. Тәжірибелік-конструкторлық әзірлемелерге гранттар беру бюджеттік қаражат есебінен инновациялық гранттар беруге өтінімдерді мемлекеттік ғылыми-техникалық және экономикалық сараптаманың және патенттік зерттеулердің нәтижелері бойынша конкурстық негізде жүргізіледі.

2. Тәжірибе-конструкторлық әзірлемелердің нәтижелерін қадағалауға айрықша құқық патент алушыға қатысты.

3. Тәжірибелік-конструкторлық әзірлемелерді орындауға гранттар беру мынадай шарттарда беріледі:

1) Қазақстан Республикасының Үкіметіне немесе тиісті жергілікті атқарушы органға әлемнің барлық елдерінің аумағында Қазақстан Республикасының атынан өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалану үшін сублицензиялық шарт жасасу құқығы бар қайтарусыз негізде жай айрықша емес, мерзімсіз лицензиялар беру;

2) уәкілетті органға немесе тиісті жергілікті атқарушы органға тиісті өнеркәсіптік меншік объектісін өндіру бойынша қабылданған шаралар туралы мерзімдік есептерді беру;

3) лицензиаттың осы өнеркәсіптік меншік объектісін енгізетін немесе оның арқасында алынған кез келген тауар (жұмыс, қызмет) Қазақстан Республикасында өндірілетін жағдайда ғана өнеркәсіптік меншік объектісіне айрықша лицензиялар беру;

5) грант алушының аудитін жүргізу.

4. Егер тәжірибелік-конструкторлық әзірлемелерді орындаудың нәтижесі пайдаланылуы ұлттық қауіпсіздік мәселелеріне байланысты өнеркәсіптік меншік объектісі болып табылған жағдайда мұндай объектіге айрықша құқық мемлекетке ауысады.

18-бап. Инновациялық жобаның техникалық-экономикалық негіздемесін дайындауға және өнеркәсіп меншігінің объектісін шетелдерде және/немесе халықаралық патенттік ұйымдарда патенттеуге

арналған грант

1. Техникалық-экономикалық негіздемені дайындауға және өнеркәсіп меншігінің объектісін шетелдерде және/немесе халықаралық патент ұйымдарда патенттеуге гранттар беру бюджет қаражаты есебінен инновациялық гранттарды алуға арналған

мемлекеттік ғылыми-техникалық және экономикалық сараптамалардың нәтижелері бойынша конкурстық негізде жүргізіледі.

2. Инновациялық жобаға техникалық-экономикалық негіздемені дайындауға грант инновацияға мүлктік құқықтарға ие адамға беріледі.

3. Техникалық-экономикалық негіздеме дайындауға грант аккредиттелген технологиялық бизнес-инкубаторлардағы және технопарктердегі инновациялық жобаға техникалық-экономикалық негіздеме дайындау шартымен беріледі.

4. Шет елдердегі және/немесе халықаралық патенттік ұйымдардағы өнеркәсіп меншігінің объектісін патенттеуге грант күзет құжатын алуға тапсырыс беру құқығы бар адамға беріледі.

5-тарау. Қорытынды ережелер

19-бап. Техникалық бизнес инкубаторлар мен технопарктерді аккредиттеу

1. Техникалық бизнес-инкубаторлар мен технопарктерді аккредиттеуді уәкілетті орган жүзеге асырады.

2. Техникалық бизнес инкубаторлар мен технопарктерді аккредиттеу ерікті болып табылады және олардың өтініштері негізінде жүзеге асырылады.

3. Олардың Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін біліктілік талаптарына сәйкестігі техникалық бизнес инкубаторлар мен технопарктерді аккредиттеудің негізі болып табылады.

4. Аккредиттеу туралы куәлік алған инновациялық қызметтің мамандандырылған субъектілері туралы немесе куәліктері қайтарылғаны туралы ақпарат уәкілетті орган арқылы ресми басылымдарда жарияланады.

20-бап. Инновациялық қызмет субъектілерінің халықаралық ынтымақтастығы

1. Инновациялық қызмет субъектілерінің халықаралық ынтымақтастығы Қазақстан Республикасының заңнамалық және халықаралық шарттарының негізінде жүзеге асырылады.

2. Инновациялық қызмет субъектілері инновациялық қызметпен айналысатын халықаралық ұйымдарға кіруге, инновациялық қызметті дамытуға бағытталған халықаралық инновациялық жобаларға, бағдарламаларға қатысуға Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін шарттар мен өзге де келісімдер жасасуға құқылы.

21-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі

1. Осы Заң оны ресми жариялаған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

2. "Инновациялық қызмет туралы" 2002 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасы

Заңының (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., N 13-14, 142-құжат; 2005 ж., N 23, 142-құжат) күші жойылды деп танылсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК